

ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ, ИНВЕСТИЦИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША АҚПАРАТ БЕРІЛДІ

Президент Шавкат Мирзияев 4 март күні кембағалдықты қысқарту және халықты жұмыспен қамту, инвестиция мен экспорт көрсеткіштері бойынша есеппен танысты.

Жыл басынан бері халықты жұмыспен қамту бойынша жаңа жүйе енгізілген еді. 208 аудан мен қала әкімдері және банк басшылары арасында осы бағытта ынтымақтастық келісімшарттары жасалды. Банк филиалдарында махаллабай жұмыс істеу бөлімдері құрылып, оларға "махалла банкирлері" тағайындалды. Нәтижеде январь айында 239 мың, февраль айында 480 мың адам табысты еңбекке тартылды. Жыл басынан бері шағын және орта бизнеске жалпы 14 триллион сум несие бөлінді. Соның ішінде кәсіпкерлік бағдарламалары аясында 2 триллион сум бөлінді.

Адамдарға табыс табу мүмкіндіктері, дайын бизнес-жобалар таныстырылып, оларды жүзеге асыру жолдары үйретілуде. Жұмысқа орналасқан азаматтар салық комитетінде тіркелуде. Жауапты тұлғалардың атқарған міндеттері талданып отырады.

Жиналыста осы талдаулар туралы ақпарат берілді.

Халықты жұмыспен қамту бойынша Жизак, Самарканд, Бұхара және Науаи облыстарында, сондай-ақ Узмиллийбанк, Асакабанк,

Микрокредитбанк және Бизнесі дамыту банкінің жобаларында жоғары көрсеткіштер тіркелді. Бірақ Сырдария облысында және 24 аудан мен қалада нәтижелер төмен. Осы себепті міндеттерді орындауда салғырттық танытқан 30 басшыға қатысты шаралар қабылданды. Жинақталған тәжірибеге сүйене отырып, алдағы айларда нәтижелілікті арттыру, жұмыссыздарды кәсіпке және пайдалы еңбекке бағыттау қажеттілігі атап өтілді. Қазіргі көктем мезгілінде үй іргесіндегі және жалға алынған жерлерге толыққанды егін егу, оны online-mahalla.uz платформасы арқылы қадағалау бойынша тапсырмалар берілді.

Өткен екі айда инвестиция мен экспорт көрсеткіштері де оң нәтиже көрсетті. Жыл басынан бері 6 миллиард доллардан астам шетелдік инвестиция мен несие игерілді. Құны 574 миллион долларлық 1 мың 100 орта және шағын жоба жүзеге асырылып, 17 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды.

2,8 миллиард долларлық тауар мен қызмет экспортталды. Әсіресе, зергерлік бұйымдар экспорты өткен жылмен салыстырғанда

7 есе, химия саласында 1,7 есе, электр техникасы мен азық-түлік саласында 1,2 есе, туризм қызметтері 1,6 есе өскен.

132 кәсіпорында халықаралық стандарттар енгізілді. 521 кәсіпорын алғаш рет сыртқы базарға шығып, тек февраль айында қосымша 183 миллион долларлық экспорт жасады.

Жиналыста кейбір салалар мен аумақтарда инвестиция көрсеткіштерінің төмен болғаны айтылып, оның себептері мен шешу жолдары талқыланды. Өзбекстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары болып тағайындалған Дилмурод Қосинов таныстырылды. Ол кәсіпкерлер мен инвесторлардың заңды құқығы мен мүддесін қорғау саласындағы қадағалау жұмыстарына жауапты болады. Енді прокуратура органдары бұл бағытта қолайлы құқықтық орта қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Жауапты тұлғалар бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша 8 миллиард доллардан астам шетелдік инвестиция игеру жоспарлары, қосымша экспорт мүмкіндіктері бойынша ақпарат берді.

ӨЗА

Қазіргі таңда еліміздің барлық аумақтарында, жоғары оқу орындары мен кітапханаларда Өзбекстан халық ақыны Зулфияханымның 110 жылдығы кеңінен атап өтілуде. Зулфияханымның шығармашылығы мен қызметі, оның есімімен аталған Мемлекеттік сыйлықтың еліміз қыздарының өміріндегі орны мен маңызы бойынша Өзбекстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Отбасы және әйелдер комитетінің төрайымы Зулайхо Махкамova төмендегі пікірді білдірді.

— Көктем — жаңару мен шуақты күндер әкелетін ерекше мезгіл. Осы мезгіл аналарымыздың, қыздарымыздың, ділбар әйелдеріміздің мерекесімен басталуы да рәміздік мәнге ие, әрине. Өйткені әйел — көктеммен үндес жаратылыс. Көктемнің алғашқы күндерінде ұлы ақынымыз Зулфия Исраилованың туған күнін атап өту жылдан жылға дәстүрге айналып келеді. Өзбекстанның халық ақыны,

Қыздарымыз өміріндегі әлеуметтік маңызды құбылыс



дағы достықтың жаршысы ретіндегі рөлін атқарды.

Ақынның өмір жолы мен өмірдің кездейсоқ соққыларында да адалдықпен өзінің сеніміне, халқына шынайы берілгендігі ақынды рухани батылдық иесі ретінде танытты.

Атақты ақын Хамид Алимжанмен кешкен қысқа ғұмыры, одан айырылуы, жалпы, оның кейінгі тағдыры адалдық пен беріктіктің рәмізіне айналды.

сыйлық тағайындалды.

Жыл сайын көктемнің алғашқы күндерінде еліміздің жүздеген дарынды, ізденімпаз әрі белсенді қыздары осы жоғары марапатқа ие болады. Зулфия атындағы Мемлекеттік сыйлық еліміз қыздарының әлеуетін танытатын, олардың ізгі мақсаттарына жүзеге асыруға жол ашатын ерекше құралға айналды.

Осы сыйлық еліміз қыздарының өмірінде маңызды әлеуметтік оқиғаға айналды.

Әлемнің ешбір елінде осындай дарынды қыздарға мемлекеттік қолдау көрсететін марапат жоқ.

Зулфия атындағы мемлекеттік сыйлық 2000 жылдан бастап білім, ғылым, әдебиет, мәдениет, өнер, спорт, ақпараттық технологиялар және қоғамдық қызмет салаларында ерекше жетістікке жеткен қыздарға беріліп келеді. Осы күнге дейін 452 қыз осы марапатқа ие болды.

Биыл Зулфияханымның 110 жылдық мерейтойы еліміздің еншалғай ауылдарында да кеңінен атап өтілуде.

Оның шығармашылығы миллиондаған адамға махаббат пен адалдықтың үлгісін көрсетіп, шынайылық пен тұрақтылықтың рәмізіне айналды. Кемпіркосақтың жеті түсі түрлі рендермен жарқырап, баршаны таңғалдыратыны сияқты, Зулфияның көктем секілді жүректерге шұғыла шашқан жарқын поэзиясы адалдық пен тұрақтылықты адамгершіліктің, кемелдіктің басты өлшеміне айналдырды.

Халқының мұн-мұқтажын жүрегімен сезініп, оның ауыртыпталығын арқалаған адамдар халық жадында мәңгілікке өз бейнесін қалдырады. Олардың естелігі уақыт өткен сайын жүрегімізде қайта жаңғырады. Зулфия да

сондай ұлы ақын, ағартушы, адалдық пен тұрақтылықтың теңдессіз рәмізі болған өзбек әйелі еді. Ол көктем сияқты әрдайым жүрегімізге жарық пен жылу сыйлап келеді.

Әрине, отбасылық міндеттерді, бала тәрбиесін қатар алып жүріп, түрлі салаларда аянбай еңбек етіп жатқан әйелдеріміздің еңбегін бағалау — мемлекетіміздің басты назарында. Соңғы жылдары Президент Шавкат Мирзиёевтың бастамасымен әйелдердің білім алуына ерекше көңіл бөлінуде. Елімізде жоғары білімді қыздардың қатарын көбейту мақсатында көптеген мүмкіндіктер, жеңілдіктер мен қолайлылықтар жасалуда. Бүгінде жоғары оқу орындарындағы студенттердің 52 пайыздан астамын қыз-келіншектер құрайды. Ал магистратурада оқып жатқан студенттердің шамамен 62 пайызы немесе 25 мыңға жуығы — қыздар.

Өйткені әйелдердің, әсіресе қыз балалардың білім алуы, кәсіби мамандық иесі болуы — отбасының бақыты мен балаларының болашағы үшін, ал кең көлемде қарасак, бүкіл қоғамның өркендеуі үшін аса маңызды. Қыз балаларды оқыту, олардың белгілі бір кәсіп иесі атануы — қоғамдағы көптеген мәселелермен күресудің ең тиімді жолы. Отбасылық ажырасудың алдын алу, ерте некенің, ерте жүктіліктің, туыстық некелердің және басқа да әлеуметтік мәселелердің шешімі — білім мен ағарту ісінде.

Бір қызды оқыту арқылы Отанның гүлденуі үшін лайықты ұрпақ тәрбиелейтін аналардың қатарын көбейтуге шұбәсіз өз үлесімізді қосқан боламыз.

Н.УСМОНОВА,
ӨЗА-ның тілшісі.

АГРАРЛЫҚ САЛА ЖӘНЕ ДЕПУТАТТЫҚ БАҚЫЛАУ

Жуырда Сенаттың Аграрлық, су шаруашылығы мәселелері және экология комитеті Аймақтық өкілдік органдардың қызметін зерттеу орталығымен ынтымақтастықта халық депутаттарының жергілікті Кеңестері үшін семинар ұйымдастырды.

Оған сенаторлар, сарапшылар, жергілікті Кеңестер хатшылығы мен тұрақты комиссияларының өкілдері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері қатысты. Семинар барысында Сенат пен жергілікті Кеңестер алдында тұрған өзекті міндеттер мен маңызды бастамалар талқыланды.

Салаға қатысты заңдарды қарастыруға жергілікті Кеңес депутаттарын тарту және олардың пікірін алу, заңдар қабылдау барысында аймақтардың өзіндік ерекшелігі мен мүмкіндіктерін ескеру қажеттігі айтылды. Сондай-ақ жергілікті Кеңестер мен тұрақты комиссиялардың қызметін одан әрі дамыту, Комитет пен жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастықты нығайту, жергілікті атқарушы билікке бақылауды күшейту керектігі атап өтілді.

Семинар барысында Сенат әзірлеген әдістемелік нұсқаулықтар мен үлгі рәсімдердің мазмұны жергілікті Кеңес депутаттарына түсіндірілді.

Атап айтқанда, ауыл шаруашылығын

реформалау және дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, салада жаңа жұмыс орындарын құруға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттардың орындалуын қатаң депутаттық және қоғамдық бақылауда ұстау тәртібі түсіндірілді.

Бұдан тыс, жергілікті Кеңес депутаттары мен хатшылық қызметкерлері Кеңестер қызметін тиімді ұйымдастыру және қабылданатын құжаттардың сапасын қамтамасыз етуге ерекше назар аударуы қажет екені атап өтілді.

Бұл ретте мамандар құжаттарды ресімдеу барысында салада кездесетін мәселелерді мысал ретінде келтіріп, түсіндірулер мен ұсыныстар берді.

Содан соң жергілікті Кеңес депутаттары өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, өздерін қызықтырған сұрақтарға толыққанды жауап алды.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Ақпарат қызметі.



белгілі қоғам қайраткері, Жаво-харлал Неру атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, халықаралық "Нилуфар" сыйлығының лауреаты Зулфия Исраилованың өмір жолы мен шығармашылығы әрбір өзбек қызына ғана емес, бүкіл шығыс қыздарына үлгі болатын рухани әлемін, ахлақтық бейнесін халқымыз жоғары бағалауда.

Зулфияның таланты еліміз әдебиетіндегі ерекше құбылыс. Тарихи тағдыр шығыс әйелінің даусын әлемдік мінберге шығару бақыты мен қиыншылығын Зулфияның міндетіне жүктеді. Бұл жауапкершілік оның шығармашылық көңіліне, өмірлік ұстанымдарын белгіледі, белгілі қоғам қайраткері, бейбітшілік пен халықтар арасын

Әйелді қасиетті тұлға ретінде ерекше құрметтеу, азат та абад еліміздің болашағы болған жан-жақты кемел жастарды тәрбиелеудегі теңдессіз орнын тағы да мойындау — кемел, ақылды әйелдерді тәрбиелеу, олардың арасындағы талантты жастардың әдебиет, өнер, ғылым, білім беру мен мәдениетті дамытудағы жетістіктері, теңқорларының ұлттық тәуелсіздік идеяларына және мәдени-рухани құндылықтарға адалдығын насихаттау жолындағы өнегелі қызметі, сондай-ақ кең көлемді жаңғыртуларды жеделдетуге белсене қатысуын ынталандыру мақсатында 1999 жылы Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлығымен Зулфия атындағы Мемлекеттік

Әлеуметтік қорғау

ІЗДЕНГЕНГЕ МҮМКІНДІК КӨП

Елімізде қыз-келіншектерді қолдап-қуаттау, олардың жұмысбастандығын қамтамасыз ету, кәсіпкерлікке бағыттау бойынша кең көлемді жұмыстар жүргізілуде.

Атап айтқанда, "Әйелдер дәптеріне" кіргізілген қыз-келіншектерге жеңілдетілген несиелер мен субсидиялар бөлініп, бұл бағытта жақсы нәтижелерге қол жеткізілуде.

Қарақалпақстан Республикасы Шоманай ауданының тұрғыны "Әйелдер дәптеріне" енгізілген Базарғұл Бекбосынова елімізде қыз-келіншектерге жаратылған мүмкіндіктер негізін-

де 2021 жылы жылыжай құрып, жылына 4 рет өнім өндіріп, жанұясына қосымша табыс кіргізуде.

Колөнерші апамыз Алтынай Нәубетованың колөнершілік бұйымдары тек біздің елімізге ғана емес, көрші мемлекеттерге, Жапония, Англия, Австралия, Корея мемлекеттеріне де белгілі. Ол шәкірттерімен бірге түйе және қой жүнін қайта өңдеп, одан жіп иіріп, түрлі киім-кешектермен бірге қара үйдің ақ басқұры мен кілем

және алашалар, тіпті аяқ киімдерді тігіп даярлайды. Аяп өткен 2024 жылы Қарақалпақстан Республикасы Жоқарғы Кеңесі тарапынан жарияланған грант байқауына "Өнерлінің қолы алтын" тақырыбындағы жобасымен қатысып, 100 миллион сум жеңіп алуға қол жеткізді. Аталмыш жоба негізінде кооперация ұйымдастырып, қазірде жұмыссыз қыз-келіншектердің жұмыспен қамтамасыз етуге қол жеткізді.

— Бұл өнерді әжемнен үйрен-

генмін. "Өнер — өмір азығы" дегендей, өнерім арқылы қыздарыммен, немерелеріммен бірге отбасымызға қосымша табыс табамыз. Ұлттық колөнеріміз ұмытылып кетпеуі үшін осы күнге дейін 100-ден астам қыз-келіншекке өнер сырларын үйретіп, шәкірт даярладым. Экологиялық таза өнімдер болған түйе және қой жүнінен даярланған бұйымдарға жергілікті халық пен шетелден келген туристердің де қызығушылығы жоғары.

"Мәдениет" ауылы тұрғыны Камила Қайырова банктен 5 миллион сум жеңілдетілген несиені алып, қоян бағуды жолға қойған. Отбасы мүшелерімен алғаш алған 7 қоянның саны бүгінде 200-ден асып кеткен. Бұл ісіне қосымша түрлі гүлдер мен құлпнай өнімін де жетістіріп келеді.

"Айбүйір" ААЖ-да жасайтын Гүлмира Жәдігерова өзінің өнерінің арқасында еліміздегі қыз-келіншектер үшін жаратылған мүмкіндіктерді нәтижелі пайдаланып, қысқа уақыттың ішінде "Әйелдер дәптеріне" шығып, колөнершілік жұмыстарын жолға қойған ісмер қыз саналады.

Аудандағы "Бекжан" ААЖ-дағы "Шоманай Меридиан"

ЖШҚ-на қарасты заманауи жылыжайдың 1 гектар жеріне Иран технологиясы негізінде құлпнай егуге даярлап қойылған болса, 1 гектар жеріне Корея технологиясы негізінде қызанақ және болгар егілген, гүлдеу алдында тұрған қызанақтар март айының соңында пісіп жетіледі. Қуаныштысы, жылыжайда 20 қыз-келіншек жұмыспен қамтамасыз етілген.

Өзін-өзі жұмыспен қамту арқылы отбасына қосымша табыс тауып, халыққа қызмет көрсетіп келе жатқан мұндай белсенді қыз-келіншектер әрқандай мақтауға лайықты.

Тілеухан ШӘМЕКОВА,
"Нұрлы жолдың" меншікті тілшісі.



Ұлы Жібек жолында

ӨЗБЕКСТАН – ҚЫТАЙ: ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ДАМУ

Өткен жылдың сентябрь айында Қытай Халық Республикасы 2024-2025 жылдары ШЫҰ-дағы төрағалығының басым бағыттары туралы толық ақпарат беріп, саясат және қауіпсіздік, экономика, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ Ұйым қызметінің басқа да маңызды міндеттері бойынша стратегиялық бағыттарын баяндаған еді.

Ұйымға төрағалық ету жоспарына сәйкес 100-ден астам іс-шара өткізу жоспарланған. Бұл үдеріс ынтымақтастықтың тек ШЫҰ аясында қалыптасқан дәстүрлі бағыттарын ғана емес, сондай-ақ ішкі өңіраралық сауданы, өнеркәсіптік кооперацияны, өзара байланыс тізбегін, инновацияларды, кедейлікті азайтуды, азық-түлік қауіпсіздігін, денсаулық сақтауды, “жасыл” дамуды қаржыландыруды, цифрлық трансформация сияқты жана, қазіргі заман талабына сай салаларды дамыту мақсатын да қамтиды.

Үстіміздегі жылғы 25 февраль күні Өзбекстандағы ШЫҰ-ның Халық дипломатиялық Орталығы Қытайдың Өзбекстандағы елшілігімен ынтымақтастықта “ШЫҰ қозғалыста: Қытай мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың даму болашағы” тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Оған Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің депутаттары, министрлік және кеңсе өкілдері, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы, Қытай халықаралық зерттеулер акаде-

миясының Қытай — Еуразия институты және Шанхай шет тілдер университетінің Шанхай Жаһандық Басқару және Халықаралық аймақтық зерттеулер Академиясының басшылары, сарапшылар, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Ташкенттегі дипломатиялық өкілеттіктерінің өкілдері, республикалық жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты — Қытайдың ШЫҰ-ға төрағалығы аясында өткізілетін бірқатар іс-шаралар туралы ақпарат беру және Өзбекстан — Қытай ынтымақтастығының болашағын талқылауға бағытталған.

ШЫҰ Халық дипломатиясы орталығының директоры Қобилжон Собиров дөңгелек үстелде алғы сөз сөйлеп, 2024 жыл Өзбекстан — Қытай қарым-қатынасындағы тарихи құжат — екі мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемесі қабылданған жыл екенін атап өтті. Бұл құжат елдеріміз арасындағы байланыстарды жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтер-

генін тілге тиек етті.

Орталық директоры өзара қарым-қатынастардың дамуына Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин арасындағы сенімді қарым-қатынастар, сыртқы саясат және сыртқы экономикалық кеңселер арасындағы тығыз ынтымақтастық, парламент өкілдері, бизнес қауымдастығы, академиялық және сарапшылық орта арасындағы байланыстар үлкен маңызға ие екенін атап өтті.

Қытай Халық Республикасының Өзбекстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Юй Цзюнь Қытайдың ШЫҰ-ға төрағалық етуші мемлекет ретіндегі жоспарлары мен атқарып жатқан жұмыстарына тоқталды.

“ШЫҰ тұрақты даму қылы” аясында Қытай кедейлікті азайту, азық-түлік қауіпсіздігі, денсаулық сақтау және цифрлық экономика сияқты 8 негізгі бағытқа назар аударып отырғанын атап өтті. Сондай-ақ қорытынды құжат — ШЫҰ мемлекет басшылары декларациясы және ұйымды дамыту стратегиясын дайындау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Халықаралық қатынастар, сыртқы экономикалық байланыстар, шетелдік инвестициялар және туризм мәселелері комитеті төрағасының орынбасары Одилжон Маматкаримов соңғы жылдары Қытай Халық Республикасымен парламентаралық байланыстарға тоқталып, екі ел парламенттерінің заң шығару қыз-



меті бойынша тәжірибе алмасу жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Өзбекстанның ШЫҰ істері бойынша ұлттық координаторы Н. Убайдуллаев еліміздің сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі болып табылатын ШЫҰ-ның ашық, прагматикалық және кең ауқымды өзара мүдделерге негізделген ынтымақтастық жолын жалғастыру үшін бұрынғыдан да өзекті көпжақты платформаға айналып келе жатқанына тоқталды.

Онлайн форматта Қытайдың ШЫҰ Тату көршілік, достық және ынтымақтастық комитетінің Бас хатшысы Цзю Хунбо өз бейнеүндеуін жолдады.

Баяндамашылар өз сөздерінде ШЫҰ жылдар бойы “Шанхай рухын” — өзара сенім мен мүдделілік, тең құқықтылық, кеңесу, мәдени әртүрлілікке құрмет және бірлескен дамуға ұмтылу қағида-дттарын дамыта отырып, халықаралық қатынастардың ашықтық, жан-жақты ынтымақтастық және ортақ жетістіктерге жету негізіндегі жаңа моделін белсенді түрде ілгерілетіп, аймақтың тұрақтылығы мен әл-ауқатына елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

Олар Өзбекстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағаннан бері тұрақты даму жолында келе жат-

қанын, екі тарап жоғары деңгейдегі кездесулерде, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымы секілді ірі саяси-экономикалық құрылым аясындағы диалогтарда аймақтық және халықаралық аланда туындап жатқан қақтығыстардың алдын алу бойынша кең ауқымды ынтымақтастық орнатқанын айтты.

Іс-шараның қорытындысында екі ел арасындағы ұлтаралық татулық, ынтымақтастық, бірлік және достық қарым-қатынастарды нығайту, сондай-ақ халық дипломатиясы тетіктерін кеңінен қолдану мәселелері бойынша сарапшылардың ұсыныстары әзірленді.

Қорыта айтқанда, екі мемлекеттің қарым-қатынасының тарихи тамыры көпғасырлық екенін және қазіргі таңда тиімді әрі өзара пайдалы серіктестікті дамыту үшін берік негіз қызметін атқарып отырғанын айтуға болады. Аймақтарды байланыстырып, өзара байытуға және мәдени алмасуды дамытуға ықпал еткен Ұлы Жібек жолы бүгінде жаңа маңызға ие болып, өз бағыты бойынша елдер мен халықтар арасындағы экономикалық және мәдени-гуманитарлық көпір қызметін атқарады.

Айгүл ТЕШЕБАЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Өндіріс орындарында



БАЙЛАНЫС АЯСЫ НЫҒАЮДА

Алмалық кен-металлургия комбинатының жыл сайын дамуының нәтижесінде комбинатпен өлемнің көптеген елдері ынтымақтастықты жолға қою барысында қызығушылығын білдіруде.

Жуырда Алмалық кен-металлургия комбинатына іссапармен келген Польша мемлекетінің Даму және технологиялар министрлігінің мемлекеттік хатшысы Михаил Яростын басшылығында делегацияның өкілдері алдағы уақытта АКМК-мен өзара мүдделі ынтымақтастық байланыстарын орнату ұсыныстарын білдірді.

Польша мемлекеті делегациясының өкілдері алғаш “Металлург” мәдениет сарайында болып, комбинаттың мұражайын тамашалады.

Қонақтардың кезектегі мекені Қалмаққыр кені, сондай-ақ 3-Мысты байыту фабрикасы болды. Онда қонақтар комбинаттың жалпы өндірістік қуаты жөнінде толық мәліметтер алды.

Алмалық кен-металлургия комбинатының басшылығы мен Польша мемлекетінің делегациясының арасында ұйымдастырылған ресми кездесуде екіжақты ынтымақтастық байланыстарын жолға қою барысында келіссөздер жүргізілді. Келіссөздер барысында АКМК және Польшаның ірі “KGHM Polska Miedz S.A.” мемлекеттік кәсіпорындарының арасында экономика үшін жана және стратегиялық шикізаттар саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. Екі жақ алдағы уақытта ынтымақтастық бойынша келісілді.

Айта кетерлік жайт, “KGHM Polska Miedz S.A.” Польша, Канада, АҚШ және Чилиде тоғыз ашық және жер асты кендерін басқарады.

Компанияның негізгі өнімдеріне мыс, күміс, алтын, никель, молибден, рени, қорғасын, сульфат қышқылы, селен және платина кіреді.

АКМК-ның ақпарат қызметі.

Сапалы қызмет

ЖАҢА ҒИМАРАТ — ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Санаторий-сауықтыру және демалыс кешендері тек демалыс орны ғана емес, адамдардың физиологиялық, психологиялық және рухани ахуалын жақсартуға, аурулардың алдын алуға, сондай-ақ өмір сапасын арттыруға қызмет ететін маңызды мекемелер. Онда адамдар білікті дәрігерлердің бақылауында емделіп қана қоймай, табиғат қойнында демалады және салауатты өмір салтының дағдыларын меңгереді.

Паркент ауданындағы осындай маңызды орындардың бірі болған “Булоқбоши” шипажай-сауықтыру және демалыс кешені жақында тағы бір жаңа ғимаратпен толықтырылып, толығымен пайдалануға тапсырылды. Құрылыс жұмыстарының сәтті аяқталуына орай ұйымдастырылған салтанатты шараға аудан әкімі Сардор Исоқұлов, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар мен махалла белсенділері, жастар, ардагерлер және жұртшылық өкілдері қатысты.

Бұрын шипажай-сауықтыру және демалыс кешенінде 50 адамдық орын болған болса, енді жаңадан ғимарат салынып, орындар саны 80-ге жетті. Бұл бір мезгілдің ішінде әлдеқайда көп демалушыларды қабылдап, оларға сапалы медициналық қызмет көрсету мүмкіндігін беруде. Кешенде 20-дан астам заманауи физиотерапиялық ем-дом құрал-жабдықтары орнатылған. УЗД, ЭКГ сынды диагностика жабдықтары, зертхана құрылғылары, фитобар, жабық бассейн, ішек тазарту, өт қабын жуатын құрылғы және балаларға арналған гидромассаж ваннасы тұрғындар денсаулығы үшін

қызмет етуде. Осылайша, емделушілерге жан-жақты қолайлылықтар жасау үшін барлық жағдайлар қарастырылған. Кешенде кардиологиялық, неврологиялық, тірек-қимыл жүйесі, гинекологиялық, стоматологиялық, урологиялық, тағы басқа да ауру түрлерін емдеуге қажетті жағдайлар жасалған. Сондай-ақ акушерлік-гинекологиялық аурулар, жүйке жүйесі, бауыр, бүйрек, тері-венерологиялық, тағы басқа да сырқаттарды емдеу жолға қойылған. Осылайша, тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызмет түрлері кеңейіп, олар кәсіби дәрігерлердің қадағалауымен ұйымдастырылуда.

Осы орында айта кететін болсақ, мұнда 15-тен аса орташа ауыр және созылмалы ауру түрлерінен айығуға мүмкіндік бар екені көптеген дәрігерлер мен мамандар тарапынан расталған. Ем-дом шараларының тиімділігі қалыпты медициналық тексерулердің, физиотерапиялық және диагностикалық үдерістердің сапалы жолға қойылғаны, сондай-ақ заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталуы арқылы қамтамасыз етіледі. Жаңа ғимарат

тың іске қосылуына байланысты 30 тұрақты жұмыс орны ашылды, бұл аудан экономикасының өсуіне де оң ықпал етпек. Кешенде қызмет көрсететін дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің саны көбеюі халықты жұмыспен қамтуда маңызды рөл атқарады.

Салтанатты шарада сөз сөйлегендер “Булоқбоши” шипажай-сауықтыру ке-

орынды пайдалануы медициналық қызмет сапасын арттырады. Осы себепті мұнда дәрігерлердің біліктілігін арттыру курстарын жүйелі түрде ұйымдастыру, шетелдермен бірлесіп озық әдістерді енгізу көзделген.

Жаңа ғимарат кешеннің қызмет көрсету деңгейін арттырумен қатар, аудандағы білікті дәрігерлердің бақылауымен медицина-



шені ауданның туристік әлеуетін арттыруда да үлкен маңызға ие екенін ерекше атап өтті. Соңғы уақытта дүниежүзінде де, елімізде де қарқынды дамып келе жатқан медициналық-туристік салаға ерекше көңіл бөлінуде. Ең бастысы, жаз мезгілінде мұнда тек жергілікті емес, шетелдік туристердің де келуі күтілуде. Мұнда шипалы бұлақтар, заманауи аурухана, білікті мамандар, демалыс және көңіл көтеретін жағдайлардың жаратылғаны айрықша маңызға ие.

Шипажайдағы барлық мүмкіндіктер халық денсаулығын нығайтуға қызмет етуіндегі маңызды фактор — білікті дәрігерлердің қызметі. Шарада атап өтілгеніндей, мамандардың кәсіпқойлығы мен заманауи техникалық жабдықтарды

лық-туристік саланы дамыту және халық денсаулығын жақсарту жолында да маңызды қадам болатыны сөзсіз. Жаңа жұмыс орындарының ашылуы, заманауи медицина құрал-жабдықтарымен қамтылуы және шипалы жағдайымен танымал “Булоқбоши” шипажай-сауықтыру және демалыс кешені болашақта ауданның тұрлық-тіршілігі мен экономикасын одан әрі жандандырады деп сенеміз. Осы орынның сапалы қызметі негізінде көптеген жандар түрлі дерттен айығып қана қоймай, сапалы демалу мүмкіндігіне ие болады, ал бұл халық денсаулығының жақсаруына айтарлықтай үлес қосады.

Әлия ӨБДІРАХМАНОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Мемлекеттік саясат — іс жүзінде

ЖАҢА ӨЗБЕКСТАННЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Жаңа Өзбекстанда жастарға көңіл бөлу — мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілді. Бұл бекер емес, өйткені дені сау, білімді, мәдениетті жастар — еліміздің дамуы мен болашағын айқындайтын әрі қоғамдағы оң өзгерістерді жүзеге асыратын қозғаушы күш.

Елімізде жастарды жан-жақты қолдап-қуаттау, олардың қабілеті мен талантын танытуына, өздері таңдаған бағыттарда жоғары жетістіктерге жетуіне барлық жағдай жасалған. Мемлекетіміз басшысының жастармен тұрақты кездесулері мен сұхбаттары еліміздің жас ұл-қыздарына үлкен жігер беріп, оларды жаңа жетістіктер мен табыстарға жетелеуде.

Үстіміздегі жылдың 14 февралі күні бейнеселектор түрінде өткен сұхбат та осы сөзіміздің айқын дәлелі. Президентіміз өз сөзінің басында бұл кездесуге риза екенін айтып, жастарды халқымыздың алтын қоры деп атағаны бәрімізді толғандырды.

Айта кетерлік жайт, еліміз халқының 60 пайызын жастар құрайды. Жыл сайын еңбек базарына 600 мыңнан астам ұл-қыз қосылуда, ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 1 миллионға жетеді.

Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, олардың ұмтылысына жағдай жасау мемлекетіміздің басым саясатына айналды. Соңғы 8 жылда жас кәсіпкерлер саны үш есеге көбейіп, қазірде олар елдегі бизнес өкілдерінің 40 пайызын құрайды.

Жұмыссыз жастардың саны екі есе азайды. Жұмыссыздар жоқ махаллалардың саны 1 мың 889-ға жетті. Өткен жылы “Жастар дәптері” арқылы 180 мың жасқа 345 миллиард сум көлемінде көмек көрсетілді.

Ташкент облысында да осы бағытта нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, өткен жылы аталыққа алынған жастармен жұмыс жасау мақсатында “Жастарды жұмыспен қамту бағдарламасы” жасалып, олардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін негізге ала отырып, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға және жұмыспен қамтуға қол жеткізілді.

“Болашақ мамандықтар” жобасы аясында 500-ден астам жасқа оқыту курстары үшін 2 миллиард сумнан астам қаржы бөлінді. Көмекке мұқтаж отбасылардың балаларына диқаншылықпен айналысу үшін “Е-аукцион” платформасы арқылы 30 жылға жер телімдері берілді.

Сонымен қатар өткен жылы “Жастар дәптеріне” енген 10 мыңнан астам көмекке мұқтаж жас ұл-қыздарға қор есебінен 25 миллиард сумнан астам қаржы бөлінді. “Бес бастама олимпиадасы” аясында махаллалардың, жалпы орта білім беретін мектептердің, арнаулы және жоғары оқу орындарының оқысу-студенттері арасындағы байқаулар мен спорт жарыстарына облыс бойынша 550 мыңнан астам жастар қатысқанын айта кеткен жөн.

Президентіміз жастармен кездесуінде жастар кәсіпкерлігін қолдап-қуаттауға бағытталған 3 маңызды құжатқа қол қойды.

Бірінші құжатқа сәйкес, Жастар агенттігінің жанынан қор құрылып, оған 100 миллион доллар бөлінеді. Енді жас кәсіпкерлерге 2 миллиард 500 миллион сумға дейін жеңілдетілген несиелер беріліп, стартап жобаларға 2 миллиард сумға дейін инвестиция салынады.

Екінші қаулымен жоғары оқу орындарының бітірушілерін жұмыспен қамтамасыз ету бойынша жаңа жүйе енгізілді. “Миллий банкке” 100 миллион доллар бөлініп, олардың бастамалары мен идеяларын жобаға айналдыру бойынша қызметтері енгізілді. Сондай-ақ бітірушілерді жұмысқа орналастыру үшін әкімдер, банк және кәсіпорын басшыларынан комиссия құрылады.

Үшінші құжатқа сәйкес, “Алоқабанк” жастардың бизнес жобаларын қолдап-қуаттайтын тірек банкке айналдырылып, оған 200 миллион доллар беріледі. “Алоқабанк” өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастардың жобаларына 7 жыл мерзімге 100 миллион сумға дейін жеңілдетілген микронесиелер береді.

Бұдан тыс, жеке кәсіпкерлікпен айналысатын, шағын кәсіпкерлік ашып, кемінде 20 жасы жұмыспен қамтып, оқу орталығын ашқан жас кәсіпкерлерге 7 жыл мерзімге 5 миллиард сумға дейін жеңілдетілген несие беріледі. Банк несиелерінің кем дегенде 30 пайызы әйелдер кәсіпкерлігіне бағытталады.

Биыл шамамен 5,2 миллион адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Бұл ретте жастардың үлесі зор екенін де айта кеткен жөн.

Аумақтарда креативті өндіріс мамандарын құру, шалғай аумақтарда шет тілдеріне мамандандырылған оқу орталықтары ашқан білікті жастарға 120 миллион сумға дейін пайызсыз субсидия беру, энергетика, көлік, қала құрылысы, заманауи архитектура, медициналық бағыттарда “Эл-Юрт умиді” қорының квоталары көбейтілуі, білімге құштар, бірақ отбасылық жағдайы қиын болған жастарды шетелде оқыту бойынша жаңа жүйе — “Жарқын болашақ” жобасы, әскери оқу орындарының үлгілі тыңдаушылары үшін “Жоғарғы бас қолбасшы” мемлекеттік стипендиясының енгізілуі жастарға деген ілтипат пен қамқорлықтың үлгісі десек, артық айтқандық болмас.

Отансүйгіштік сезімін нығайту мақсатында 10-11 сынып оқушылары арасында басталған “Отан тірегі” қозғалысы енді кәсіп-өнер лицейлерінде, техникумдарда және жекеменшік білім беру мекемелерінде де жолға қойылып, 1 миллион оқушыны қамтиды.

Осы бейнеселекторға қатысу бақытына ие болған еліміз жастарының бірі ретінде ойымнан көп ойлар өтті. Жаңа Өзбекстанның перзенті екенімді мақтан тұттым. Өз басым, мемлекетіміз басшысының жастарға деген қамқорлығына жауап ретінде “Отан маған не берді, деп емес, керісінше мен Отаным үшін не істедім?” деп еңбек ететін кез келгенін түсіндім.

Д.ГАМЛЕТОВ,
Құйышыршық аудандық Әділет бөлімінің басшысы.

“Жасыл аумақ” жобасы

ТАЗА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАНЫ ЖАРАТУ

Мемлекет басшысы 2024 жылғы 20 ноябрьде Олий Мажлис Заң шығару палатасының жиналысында Өзбекстанда 2025 жылды “Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылы” деп жариялауды, келер ұрпақтың өсіп-өркендеуі үшін салауатты экологиялық ортаны қамтамасыз ету шартының бірі ретінде ұсынғанын айтты.



Биыл “жасыл” технологи-
яларды енгізу, суды үнем-
деу, жасыл желектерді күрт
ұлғайту, Арал трагедиясы-
ның зардаптарын азайту,
қалдықтар мәселесін шешу,
ең бастысы, тұрғындардың
денсаулығын нығайту сияқ-
ты мәселелерді шешу ма-
ңызды деп саналады. Жыл
атауының жариялануына

Өзбекстанда “Жасыл ау-
мақ” ұлттық жобасының іске
қосылуы негіз болды, соны-
мен қатар аймақтық климат-
тық стратегияның көрші ел-
дермен бірлесіп жүзеге асы-
рылуы да негіз болды. Мем-
лекет басшысының баста-
масымен “Жасыл аумақ”
жалпыұлттық жобасы аясын-
да жыл сайын 200 миллион

түп ағаш пен бұта отырғы-
зылды. Елімізде жасыл же-
лектерді 8 пайыздан 30 па-
йызға дейін ұлғайту жоспар-
лануда.

Бүгінде елімізде кенінен
өтек алған “Жасыл аумақ”
жалпыұлттық қозғалысының
мәні мен мақсаты елімізде
жасыл желекті кеңейтумен
қатар табиғатты аялау, эко-
логиялық тазалықты сақтауға
бағытталған. Мемлекет
басшысының тікелей
бастамасымен жүзеге асып
жатқан бұл жобаға отандас-
тарымыз белсене қатысу-
да. Сонымен қатар елі-
міздің басшысы Шавкат
Мирзияевтың 2024 жылғы
12 ноябрьдегі Эзербайжан
астанасы Бакуде БҰҰ-ның
Климаттың өзгеруі туралы
конвенциясына (COP29)
Тараптар Конференциясы-
ның 29-сессиясы аясын-
дағы Дүниежүзілік көшбас-
шылар саммитінің жалпы
отырысында сөйлеген сөзі
“GK” трансфертінің қажет-
тілігін растайды.

Бұл инновациялық жа-
сылдандыру және жерді
тұрақты басқару бағдарла-
маларын жүзеге асыруды,
Арал шығанағындағы әлеу-
меттік-экологиялық жағ-
дайды жақсартуды көз-
дейді. Бұл арқылы қорша-
ған ортаның табиғи қалпын
сақтап, аумақтарды жасыл

желекпен қамтуға болады.
Елімізде экологиялық қауіп-
сіздік пен қоршаған орта-
ны қорғау, табиғи ресурс-
тарды ұтымды пайдалану,
экологиялық проблемалар-
ды жою, халықтың денсау-
лығын сақтау сияқты бар-
лық салаларда кең ауқым-
ды реформалар жүргізілу-
да. Бұл жерде, әрине Өз-
бекстан Республикасы
Президентінің осы салада
соңғы жылдарда қабылдан-
ған жарлықтары мен ше-
шімдері экология және қор-
шаған ортаны қорғау жүйе-
сін дамыту мен халық ден-
саулығын сақтау саласын-
дағы реформалардың тиім-
ділігін одан әрі арттыруға
кызмет етіп келеді.

Президент атап өткен-
дей, климаттың өзгеруі
бүгінгі таңда басты жаһан-
дық қауіпке айналды. Бұл
геосаяси шиеленістің күше-
юіне тікелей әсер етеді.
Көдейшілікпен күресу,
азық-түлік және энергетика-
лық қауіпсіздікті қамтама-
сыз ету, ауызсу мен ре-
сурстарға қол жеткізу про-
блемалары артып келеді.
Мәселен, мемлекет бас-
шысы Бакуде өткен конфе-
ренцияда климаттың өзге-
руінің салдары туралы пікір
бірлестірі отырып, төмен-
дегілерге тоқталды: “Біз
Орталық Азияда оның сал-

дарын қатты сезініп жатыр-
мыз. Климаттық проблема-
лар халқымыздың өмір сүру
сапасын жақсарту және
ұлттық даму стратегияла-
рын жүзеге асыру жолын-
дағы жаңа кедергіге айна-
луда. Париж келісімі аясын-
дағы басты мақсатымыз —
аймақта ауа температурасы-
ның тез көтерілуіне жол
бермеу және оны ағым-
дағы ғасырда 1,5-2 градус
шамасында ұстау. Осыған
байланысты Өзбекстанда
көміртегі бейтараптығына
қол жеткізу үшін ауқымды
реформаларды батыл
жүргізіп жатырмыз. Біз
2030 жылға қарай парник-
тік газ шығарындыларын
35 пайызға азайтуды жос-
парлап отырмыз. Біз бұл
міндеттемені 2050 жылға
дейін ұзартуға дайынбыз”.

COP29 аясында талқы-
ланған мәселелердің ішін-
де жердің тозуымен және
шөлейттенуімен күресуге,
экологиялық білімді дамы-
туға, климаттың өзгеруін
оңтайлы шешуде жастар-
дың төңдессіз рөліне ерек-
ше көңіл бөлінді.

“Жасыл” экономиканы
дамыту, жаңартылатын
энергия көздерін және
суды үнемдейтін технологи-
яларды енгізу, азық-түлік
қауіпсіздігін қамтамасыз
ету және биоалуантүрлілікті

сақтау сияқты мәселелер
тұрақты даму мақсаттары
стратегиясы негізінде жүзе-
ге асырылатын міндет-
тердің қатарында.

Қорытындылай келе,
Президенттің тек елімізде
ғана емес, өңірімізде де
экологиялық қауіпсіздікті
қамтамасыз ету, экология-
лық жағдайды жақсарту,
қолайлы экологиялық жағ-
дайды сақтаудағы практи-
калық іс-әрекеттері адам-
зат болашағының экологи-
ялық таза ортада өмір сүру-
інің іргетасы деп айтуға
болады. Ол үшін еліміздің
көшбасшысынан экология-
лық ортаның тұрақтылығын
қамтамасыз ету жолын-
дағы жұмысында белсенді-
лік пен жасампаздық талап
өтіледі. Өйткені қоршаған
ортаны жақсарту, қалпына
келтіру және қорғау, экологи-
ялық тепе-теңдікті сақтау
шараларын қабылдау —
халқымыздың экологиялық
борышы екенін ұмытпауы-
мыз керек.

Уктам ХОЖАНАЗАРОВ,
Низами атындағы
Ташкент мемлекеттік
педагогика
университетінің
ботаника және экология
кафедрасының
меңгерушісі, биология
ғылымдарының
докторы,
Дустмахмат БОҚИЕВ,
Низами атындағы
Ташкент мемлекеттік
педагогика
университетінің
ботаника және экология
кафедрасының доценті.

Жарлық және оның орындалуы

ИПОТЕКА
НЕСИЕЛЕРІ БӨЛІНЕДІ

Үстіміздегі жылдың 21 февраль күні Президенттің “Тұрғын үй және ипотека базарын одан әрі дамытуға қатысты қосымша іс-шаралар туралы” Жарлығы қабылданды. Жарлыққа сәйкес, 2025 жылы базар қағидастарына негізделген ипотекалық несиелер арқылы халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламасының негізгі бағыттары белгіленді. Сондай-ақ аумақтарда жалпы ауданы 8,1 миллион шаршы метр болатын 135 мың көппәтерлі тұрғын үй салу, ипотекалық несиелер бойынша бастапқы жарна мен пайыздық төлемдердің бір бөлігін жабу үшін берілетін субсидиялар санын 1,5 есеге ұлғайту және осы мақсаттарға Мемлекеттік бюджеттен 2,5 триллион сум бөлу көзделген.

Сонымен қатар тұрғын үй және ипотекалық ба-
зарды қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету
үшін 20,9 триллион сум көлемінде ипотекалық
несиелер бөлу жоспарланған.

Бұдан тыс, “Жаңа Өзбекстан” және басқа да
массивтерде көппәтерлі тұрғын үйлер салуға қаты-
сатын құрылыс ұйымдарын айналым қаражатымен
қамтамасыз етуге Мемлекеттік бюджеттен 700
миллиард сум, ал коммерциялық банктөртін жеке
қаражатынан 3 триллион сум көлемінде қаржы
бөлу белгіленген.

2025 жылы “Жаңа Өзбекстан” және басқа да
массивтерде көппәтерлі тұрғын үйлер салудың
мақсатты көрсеткіштері бекітілді. Соған орай,
2025 жылдың 1 мартынан бастап “Жаңа Өзбек-
стан” массивтері үшін жаңа аумақтар урбаниза-
ция қағидаларына сәйкес тандалады.

Жарлыққа сәйкес, жер телімдерін көппәтерлі
тұрғын үй салу үшін жалға алған заңды тұлғалар
жер салығын төлеуден босатылады.

Жер телімдерін көппәтерлі тұрғын үйлер салу
үшін жалға беру бойынша аукцион саудаға тек
қосылған құн салығын төлеуші заңды тұлғалардың
қатысуына рұқсат етіледі.

Тағы бір айта кетерлік жайт, жер телімдерін
көппәтерлі тұрғын үйлер салу үшін жалға беру
бойынша аукцион сауда офертасында жоба алдын-
дағы құжаттаманы дайындауға 15 күн, жобалау
жұмыстарын орындауға 2 ай және құрылыс жұмыс-
тарын бастауға 3 ай мерзім белгіленеді, сондай-
ақ құрылыс жұмыстарының аяқталу мен нысанды
пайдалануға қабылдау мерзімдері көрсетіледі.

Аукцион саудада жер телімін көппәтерлі тұрғын
үй құрылысы үшін жалға алған заңды тұлғалар оны
алған сәттен бастап 12 ай бойы осы жер учас-
кесі бойынша жер салығын төлеуден босатыла-
ды.

2025 жылдың 1 мартынан бастап “Жаңа Өзбек-
стан” массивтерінде көппәтерлі тұрғын үй құры-
лысын жүзеге асыратын құрылыс ұйымдарына
айналым қаражатын толықтыру үшін 12 ай жеңіл-
детілген кезеңмен 24 ай мерзімге Орталық банктің
негізгі ставкасымен ең көп дегенде 2 пайыздық
пунктке жоғары ставкамен несиелер беріледі.

Л.УТКIROB,
Құйышыршық аудандық Өңілет бөлімі.

Пресс-тур

ЖАСАЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРМЕН ТАНЫСТЫ

Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігінің, сондай-ақ Ташкент тоқымашылық және жеңіл өнеркәсіп институтының ынтымақтастығымен бұқаралық ақпарат құралдары үшін пресс-тур ұйымдастырылды.

Онда аталған министрлік, Сау-
да-өнеркәсіп палатасы, сондай-
ақ Кембағалдықты қысқарту
және жұмысбастылық министр-
лігі бүгінде дуалды оқыту жүйе-
сін енгізу мен оны жетілдіру бо-
йынша ынтымақтастықта жұмыс
жүргізетіні тілге тиек етілді.

Шарада Ташкент тоқымашы-
лық және жеңіл өнеркәсіп инсти-
тутында 3-4 курс студенттерінің
оқуы Сауда-өнеркәсіп палатасы-
ның, “Узтукимачиликсаноат”, “Уз-
чармсаноат”, тағы басқа ұйым-
дардың құрамындағы 20-дан ас-
там кәсіпорынмен ынтымақтаст-
ықта “3+3” (3 күн институтта, 3
күн кәсіпорында) түрінде ұйым-

дастырылатыны, бұл институтта
2022-2023 оқу жылынан бастап
республикада біріншілерден бо-
лып, тәжірибе-сынақ үлгісінде
дуалды оқыту форматында білім
беру жолға қойылғаны айтылды.

Бүгінде “Мамандық иесі” дуал-
ды оқыту жүйесі негізінде оқитын
жалпы 1251-студенттің 251-і осы
оқыту негізінде білім алумен қатар
кәсіпорында жалақы алып, еңбек
ететіні туралы мәлімет берілді.

Пресс-турдың алғашқы ныса-
ны “ZELAL TEKSTIL” жауапкерші-
лігі шектеулі серіктестігі болды.
Онда тілге тиек етілгеніндей, инс-
титут кәсіпорынмен 2022 жылдан
бері студенттерді дуалды оқыту

негізінде білім беруге, студент-
тердің практикасын ұйымдас-
тыруға орай бірге жұмыс жүргі-
зеді. Сол жылдан бастап бүгінге
дейін кәсіпорында 120 студент
дуалды оқыту жүйесінде білім ал-
ған. Институтты бітірген оннан
астам студент кәсіпорында
жұмыс істеп келеді. Ал ағымдағы
оқу жылында 18 студент дуалды
оқыту негізінде білім алумен
қатар айлық жалақы алып, өз

еңбек қызметін жүргізуде.

Содан соң журналистер
“Nurtex” жауапкершілігі шектеулі
қоғамның қызметімен танысты.
Бұл қоғам Ташкент тоқымашы-
лық және жеңіл өнеркәсіп инсти-
тутымен студенттердің практика-
сын ұйымдастыру, 2022 жылдан
бері студенттерді дуалды оқыту
мақсатында ынтымақтастықта
жұмыс жасайды. Студенттерге
кәсіпорынның жетекші маманда-



ры заманалық тігін машиналары-
мен, түйме қадау жартылай ав-
томаттарымен, ылғалдап жылы-
тып өңдейтін құрылғылармен,
пішу құралдарымен жұмыс істеу-
ді үйретеді. Бұл оқыту жүйесінде
олар білім алумен қатар белгілі
бір кәсіпорында айлық жалақы
алып, жұмыс істейді.

Пресс-турдың соңғы нысаны
Ташкент тоқымашылық және
жеңіл өнеркәсіп институты бол-
ды. Аталған жоғары оқу орнын-
да жаңа технопарк ашылған.
Онда студенттерді өндіріс үдері-
сіне дайындауға қажетті жағдай-
лардың барлығы жаратылған.

Бұқаралық ақпарат құралдары
өкілдері пресс-тур барысында
көрсетілген нысандардың қыз-
метіндегі жұмыс барысын көзбен
көріп, ондағы заманалық құрал-
жабдықтармен, қондырғылар-
мен жақын танысып, өздерін
қызықтырған сұрақтарға толық-
қанды жауаптар алды.

Арухан АҚПАНБЕТОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Астанада не жаңалық?

БАНКТЕР БИЗНЕСТІ ҚОЛДАП-ҚУАТТАУДА

Жуырда “Бизнесті дамыту банкі – бизнес тірегі” тақырыбында баспасөз конференциясы өтті. Оған банк Басқармасының мүшелері, банктің құрамды құрылымдарының басшылары, бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғам өкілдері қатысты.

Шарада елімізде банк-қаржы
жүйесінде ауқымды реформалар
жүргізіліп жатқаны айтылды. Осы
әрекет негізінде халықты разы ету
және “Адамның қадір-қасиеті үшін”
қағидасын жүзеге асыру мақсаты
түр.

“Бизнесті дамыту банкі” акцио-
нерлік коммерциялық банкі де осы
реформалардың белсенді қатысу-
шысы, сондай-ақ “Шағын бизнесті
үздіксіз қолдап-қуаттау” кешенді бағ-
дарламасының негізгі тірегі ретінде
кәсіпкерлікті қолдап-қуаттауға, жаңа
жұмыс орындарын ашуға және халық
үшін қосымша табыс көздерін жара-
туға үлес қосуда. Халықты кембағал-
дықтан шығарып, кәсіпкерлікке тар-
ту мақсатында шағын бизнес жоба-
ларына бағытталуда.

Баспасөз шарасында банктің ша-

ғын бизнесті қолдап-қуаттау бағы-
тында қол жеткізген нәтижелері мен
2025 жылға арналған жоспарлары
туралы ақпарат берілді.

2025 жылғы 1 январьдағы жағдай
бойынша банктің несиелік депозит-
тері 22 триллион 530 миллиард 800
миллион сумға жетті. Бұл көрсеткіш
өткен жылмен салыстырғанда 730
миллиард 200 миллион сумға неме-
се 3,3 пайыз өсімге қол жеткізілді.

“Шағын бизнесті үздіксіз қолдап-
қуаттау” кешенді бағдарламасы
аясында 49 160 кәсіпкерге 4 трил-
лион 835 миллиард сум, соның ішін-
де “Бизнесті дамыту банкі” 17676
кәсіпкерге 1 триллион 737 милли-
ард сумдық несие қаражат бөлді.

Көрсетілген қаржылай көмектің
нәтижесінде 18288 өзін-өзі жұмыспен
қамтыған жеке тұлғаның 12783-і жеке

кәсіпкер ретінде тіркелсе, 5505-і заң-
ды кәсіпорын мәртебесін алды.

Бағдарламаға қатысқан 16738
жеке кәсіпкердің 1100-і жауапкерші-
лігі шектеулі қоғам ретінде мемле-
кеттік тіркеуден өткізілді.

Республика бойынша “Бизнесті
дамыту банкіне” бекітілген 649 ма-
халлада 2024 жылы барлығы 1 трил-
лион 500 миллиард сум несие
бөлінді. Нәтижесінде 473 мың адам
жұмыспен қамтылды. Соның ішінде
70 мың адам тұрақты жұмыспен қам-
тылып, 403 мың адам кәсіпкерлікпен
айналысқан.

“Сейхунабад тәжірибесі” негізінде
әрбір отбасыға жұмыс істеу жүйесі
арқылы әрбір махалладағы жануар-
лардың жалпы 3992 қаржы пакеті,
соның ішінде 21800 шағын жоба
жүзеге асырылып, 672 миллиард
сум несие бөлінді. Нәтижесінде 40
мың 102 адам жұмысқа орналасты-
рылды.

2024 жылы 608 кездесу өткізіліп,
6900 өтініш “Уйчи” тәжірибесі” бо-
йынша қаралып, шешімін тапты.
Сөйтіп 12600 жаңа жұмыс орны
ашылды.

Өткен жылы әйелдер кәсіпкерлі-
гін қолдап-қуаттау мақсатында 18
866 әйелге 919 миллиард 800 мил-

лион сумдық несие қаражаты
бөлінді. “Бизнесті дамыту банкіне”
бекітілген махаллалардағы 1868
кәсіпкер әйелге 122 миллиард 900
миллион сум көлемінде банк несиесі
берілді. Соның нәтижесінде 3862
жаңа жұмыс орны ашылды.

2024 жыл барысында банк тара-
пынан секторлар бөлімінде өнеркә-
сіпке 1 триллион 105 миллиард 87
миллион сум, сондай-ақ ауыл шаруа-
шылығына 420 миллиард 57 милли-
он сум, құрылыс саласына 556 мил-
лиард 42 миллион сум несие
бөлінді.

Сонымен қатар сауда мен қоғам-
дық тамақтандыруға 1 триллион 67

миллиард 61 миллион сум, көлік
және байланыс саласына 77 милли-
ард 48 миллион сум, басқа салалар-
ға 1 триллион 384 миллиард 49 мил-
лион сум бөлінді.

Жалпы, “Бизнесті дамыту банкі”

2024 жылы 7 триллион 300 милли-
ард сум несие бөлді.

Баспасөз мәслихатында банктің
2025 жылға жоғары мақсаттар қой-
ғаны айтылды. Алдағы уақытта банк
шағын бизнеске заманауи қызмет
көрсетіп, қаржылық қолдап-қуаттау
арқылы халқымыз бен клиенттердің
сеніміне ие болуға ұмтылуда.

2024 жылғы 16 декабрьде мемле-
кет басшысының төрағалығымен
өткен бейнеселектор жиналыста алға
қойылған міндеттер негізінде банк
бизнесті қаржыландыруға, халықты
кембағалдықтан шығаруға бағыттал-
ған жұмысты жандандыруда.

“Бизнесті дамыту банкі” респуб-
лика бойынша 229 “Махалла бан-
кирі” қызметін бастады. “Махалла
жобасы” бағдарламасы аясында
“Махалладағы бизнес” және “Махал-
ла банкірі” несиелік өнімдері әзір-
леніп, қолданысқа енгізілді. Бұл ба-
ғытта атқарылып жатқан іс-шаралар
аумақтарда халықты кәсіпкерлікке
тартуға, шағын кәсіпкерлікті дамы-
туға септігін тигізуде.

Биыл банк барлық көздерден
10 триллион 400 миллиард сум не-
сие бөледі жоспарлауда.

Оның ішінде:
“Бизнеске бірінші қадам” өнімі
арқылы 300, “Махалла бизнесі” өнімі
арқылы 150 миллиард сумнан астам
несие бөлу көзделуде.

Махаллабай жұмыс істеу жүйесі
аясында 279 мың адамды жұмыспен
қамту жоспарлануда. 115 мың адам
тұрақты жұмыспен қамтылып, 164 мың
адам кәсіпкерлікпен айналысады.
Жер-жерлерде 1300 кездесу өткі-

зіліп, 25900 микрожоба, бағдарла-
малар аясында 1 триллион 400 мил-
лиард сум көлемінде несиелер бөлу
көзделуде.

Сондай-ақ сыртқы көздерден 357
миллион АҚШ доллары көлемінде
шетелдік инвестиция тартылуда.

Банк тарапынан 2025 жылы бөлін-
ген несиелер 7 триллион 700 мил-
лиард сумды құрайды. Бұдан: инве-
стициялық жобаларды қаржыланды-
руға 510 миллиард сум, айналым
қаражатын толықтыруға 1 триллион
483 миллиард 700 миллион сум,
шағын және орта бизнесті қолдап-
қуаттауға 5 триллион 736 миллиард
500 миллион сум бөлінді.

Шарада атап өтілгендей, Азия
даму банкімен ынтымақтастықта
клиентке бағытталған “Микро, ша-
ғын және орта бизнеске қызмет
көрсетудің жаңа операциялық моде-
лін” әзірлеу және енгізу жұмыстары
басталды. Қазіргі уақытта Азия даму
банкі “Қаржы секторын инклюзивті
дамыту — қаржылық дәлдалдық”
бағдарламасы аясында банкке 50
миллион АҚШ доллары көлемінде
несие желісін тарту бойынша келіс-
сөздер жүргізуде. Бұл несие желісі
ашылса, банктің шағын кәсіпкерлікті
қолдап-қуаттауға қаржылық мүмкін-
діктері одан да арта түседі.

Баспасөз мәслихатында шағын
бизнесті қолдап-қуаттау мақсатында
енгізілген жаңа өнімдер мен банктік
қызметтер туралы ақпарат берілді.

Ө.АЙҚОЖАЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Білгенге маржан

ЖЕТІ АТА ДӘСТҮРІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаев “Қазақ үшін жеті атасын білу – тек туыстық қатынас емес, рухани тәрбиенің негізі.” деген еді. Шынында да, жеті атасын білу-туыстық қатынасты білу дәстүрі ғана емес, өз тегін, ата-бабасының тарихы мен болмыс-бітімін, ұлт бірлігін, рухани сабақтастықты және адамгершілік қағидаларын сақтаудың маңызды шарты саналады.

Бұл қағидат ғасырлар бойы қазақ халқының өмірінде ерекше орын алып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Жеті атаны білу — адамның өз тегін таныу, руын, шыққан жерін, тарихын ұмытпауына негіз болады. Ежелден қазақ халқы өз ұрпағына жеті атасын білу тәрбиесін жүргізіп отырған. Аталмыш талапты қазақ қоғамының барлық мүшесі білуге тиісті парыз санаған. Әрбір қоғам мүшесі жеті атасын білмеуді ұят, ар-намыс деп білген, тек ата-ана тәрбиесін көрмеген, жетім болмаса жеті атасын білуге тиіс деген. Әр қазақ баласы жеті атасын білуі керек деп жеті ата реттілігін көріп шығамыз.

- Жеті ата, ұрпақ:**
Бала
Немере
Шөбере
Шөпшек
Менене
Туажат
Жүрежат
- Жеті ата, ата-баба:**
Жеті ата
Тұт ата
Тек ата
Баба
Арғы ата
Ата
Әке

Жеті атаның мәні тегін ұмытпауда ғана емес. Қазақ халқы тектік қорын сақтау, ұрпақ саулығы, қан тазалығы үшін жеті атаға толмай қыз алыспаған. “Есім ханның ескі жолында” жетінші буынға дейін некеге тұруға тыйым салған. Ал Тәуке ханның “Жеті жарғы” заңдарының жинағында болашақ жұбайлардың жеті атаға дейін туыстық қатынаста болмауы талап етілген.

Кезінде қазақ даласында жеті атаға жетпей қосылғандарға теріс бата берген, тас атқан, елден алыстатқан. Тіпті жерге жатқызып қойып, үстінен мал айдаған. Жылқының құйрығына байлап, сүйреген екен. Осындай талапты бұзған тұлғалардың танауын тартыратын жазаның артында үлкен жауапкершілік жатқанын ұғу қиын емес. Халық даналығында жеті атаға қатысты “Жеті атасын білмеген — жетесіз”, “Жеті атасын білген жетімдік көрмейді”, “Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер. Жеті атасын білмеген, құлағы мен жағын жер” деген мақал-мәтелдер баршылық...

Жеті атаны білудің мынадай пайдалы тұстары бар: Адам өзінің түп-тамырын, руын, ата-бабасын білу арқылы ұлттық болмысын сақтайды, тарихи сананы

қалыптастырады. Жеті атаны білген адам туыстарымен жақын қарым-қатынаста болады, бұл отбасы құндылықтарын сақтауға көмектеседі және отбасылық байланыстарды нығайтады. Медицина мен генетика жеті ата дәстүрінің ғылыми негізін дәлелдеп отыр. Жақын туыстардың некелесуі түрлі генетикалық ауруларға әкелуі мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, қан тазалығын сақтайды. Әлеуметтік байланыстарды дамытады — қазақ қоғамында руластық қатынас маңызды рөл атқарады. Бұл дәстүр адамдар арасындағы сыйластық пен ортақ мүддені күшейтеді.

Бүгінде көптеген жастар жеті атасын толық білмейді. Қалада өскен ұрпақ үшін бұл дәстүр кейде ұмыт болып бара жатыр. Ақпараттық технологиялар дәуірінде адамдар отбасылық шежіресін білуге онша мән бермеуі мүмкін. Кейбір адамдар үшін бұл дәстүр тек ауылдық жерде ғана маңызды болып көрінеді. Бірақ соңғы жылдары шежіре зерттеу, отбасы тарихын білу, ұлттық құндылықтарды сақтау сияқты үрдістер қайта жанданып келеді. Кейбір отбасылар арнайы отбасылық шежіре кітабын жасайды, ал ғалымдар рулық генеалогияны зерттеумен айналысады.

Жастардың жеті атасын білуіне қалай көмектесуге болады? деген сұраққа мынадай жауаптарды ұсынғым келді. Мектепке дейінгі балабақша мекемелері мен мектептерде арнайы сабақтар өткізу — “Шежіре тану”, “Отбасылық тарих” “Жеті атанды білесің бе?”

“Қазіргі жастар және жеті ата дәстүрі”, “Жеті атаны білу — қазақтың рухани құндылығы” тақырыбындағы сабақтар енгізу. Отбасы — баланың алғашқы мектебі, өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлқы қалыптасатын жер саналады. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын салт-дәстүрлер мен ұлы құндылықтар осы ортада қалыптасады. Сондықтан үлкендер балаларға ата-бабалары туралы көбірек айтуы керек. Шежіре жасау, қала берсе заманауи цифрлық шежіре яғни арнайы мобильді қосымшалар, не онлайн шежіре сайттарын жаратуды дамыту жұмыстарын алып бару қажет. Ата-аналар балаларға аталары туралы жазбалар мен суреттерді көрсету арқылы қызығушылығын оята алады.

Қазақтың заңғар жазушысы, драматург, ғалым Мұхтар Әуезовтің “Өзінің тегін танымаған халық — өткенін де, болашағын да бағалай алмайды.” деген құнды пікірін келтіре отырып, әрбір қазақ баласы жеті атасын білуі болашағының кепілі деғім келеді.

Қорыта ой үйерім, қазіргі заманда жеті атаны білу ұлттық сана-сезімді сақтаудың, тарихи мұраны жалғастырудың және туыстық қарым-қатынастарды нығайтудың бір жолы. Егер әр қазақ баласы жеті атасын білсе, қазақ қоғамы одан да біртұтас әрі мықты болары хақ.

Гүлнұр ИСАЕВА,
Жоғарышыршық ауданындағы №22 жалпы орта білім беретін мектептің мұғалімі.



Ой түрткі

ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ ҚАШАНДА ҚАЖЕТ

Біз реформалар мен жаңарулар дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Барлық салаларда демократия көрініс табуда. Бұрынғылар өз мәселелерін ашық айтуға қысылса, енді ашықтық пен жариялылық заманы. Осы орайда, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарына орасан зор өкілеттіктер беріліп, сөз еркіндігі қағидасы іс жүзінде жүзеге асырылды.

Бірақ көп жағдайда бір мәселені шешу екінші мәселені тудыратыны жасырын емес. Әрине, азаматты кез келген газет-журналға жазылуға мәжбүрлеуге ешкімнің құқығы жоқ. Дегенмен, “міндетті жазылу” жоқ деп оқымай қою да дұрыс емес.

Құрдастарымынң арасында “бәрі интернетте, газеттің не керегі бар?”

деген жалпы пікірді көп естимін. Шын мәнінде, интернет желілері арқылы таралатын хабарламалар жылдамдығымен ерекшеленеді. Бірақ олар газет-журналмен қарапайым қызығушыны және сараптамалық мақалалардың орнын баса ала ма? Олар асыра сілтеп, сенсацияға айналдыратын ақпараттың бейтараптығына сенуге бола

ма? Өкінішке орай жоқ. Өзімнен мысал келтірейін, мен үшін газет-журнал оқу тамақ ішумен бірдей. Күніне тым болмаса бір рет оқып, ойымды жаңалықтармен байытпасам, әлсіз болып қаламын. Осы қажеттілікті қанағаттандыру үшін мен жыл сайын бірқатар басылымдарға жазыламын. Мен өзімнің отбасымды, маған жақын адамдарымды да солай етуге мәжбүрлеймін. Негізі, “міндетті түрде жазылу” осылай жүзеге асуы керек, зиялы қауым өкілдері біз сияқты жастарды кітап оқуға шақыруы керек емес пе?!

Диярбек ТҰРҒЫНПОЛАТОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің магистрі.

Футбол

СЕНІМ — ЖЕҢІС КЕПІЛІ

Биылдың 12 февралінен 1 март аралығында, 18 күн бедерінде, Қытайдың Шенжень қаласында U20 жастар арасында футбол бойынша Азия біріншілігі (кубогы) өтті. Іріктеу басқыштарында 2025 жылдың кубогы үшін Азия мемлекеттерінің 16 U20 футбол құрамасы жолдама алған болатын. Азия чемпиондығы үшін күш сынасқан 16 құраманың жартылай финалға қол жеткізгендері Чилиде өтетін әлем біріншілігіне жолдамаға ие болатыны да футболшыларға бар өнерлерін көрсетулеріне қажет болды.

Құрамалар төрт топқа білініп күш сынасты. А тобына Австралия, Қытай, Катар және Қырғызстан; Б тобына Саудия Арабстаны, Ирак, Иордания және Солтүстік Корея; С тобына Иран, Өзбекстан, Индонезия және Яман; Д тобына Оңтүстік Корея, Жапония, Таиланд және Сирия мемлекеттерінің құрамалары бөлінді.

А тобында Австралияның жастары Қытайды 2:1, Катарды 3:1, Қырғызстанды 5:1 есебімен жеңіп, бірінші орынды иеленді. Екінші орынды иеленген Қытайдың футболшылары Катарды 2:1, Қырғызстанды 5:2 есебімен жеңіп, ширек финалға (плей-оффка) өтті. Үшінші орында Катар жастары Қырғызстан футболшыларының қақпасына жауапсыз төрт доп енгізіп жеңіске жетті. Қырғыз жастары үш матчта да сәтсіз ойнап, қақпаларына 14 доп өткізіп алды.

Б тобында Саудия Арабстанының “жолы болғыш” футболшылары Солтүстік Кореяны 2:1, Иорданияны 1:0 есебімен жеңіп, Ирак жастарынан жеңіске де (0:1) 6 ұпаймен бірінші орынға қол жеткізді. Екінші орынға Ирак футболшылары ие болды. Олар қалған екі матчты да тең аяқтады. Иорданиямен 0:0, Солтүстік Кореямен 1:1 есебімен тең түсті. Үшінші орында қалған Иордания футболшылары тек Солтүстік Корея футболшыларын 2:1 есебімен жеңе алды. Солтүстік Корея Демократиялық Республикасы жастары 1 ұпаймен төртінші орында қалды.

С тобында Иран Ислам Республикасының футболшы жастары үш матчта да жеңіске жетіп, 9 ұпаймен ширек финалға өтті. 1-орынды иеленген ирандықтар Яманның қақпасына жауапсыз 6 доп сокса, Индонезияның қақпасына үш доп енгізді. Олар тек Өзбекстан футболшыларынан

жалғыз доп өткізіп алды. Ол допты 81 минутта М.Орынбаев оң қапталдан тегілген допты тоқтатпай соғып қарсыластар қақпасына енгізді. Одан ілгері ирандықтар 52 минутта және 66 минутта Өзбекстан жастарының қақпасына Сабиловты қақпасынан екі рет доп алып шығуға мәжбүр етті. Екінші орынды иеленген еліміздің футболшылары Индонезияны 3:1, Яманды 1:0 есебімен жеңді. Индонезия, Яман футболшылары үшінші, төртінші орындарда қалды.

Д тобында мықты саналған Оңтүстік Корея мен Жапония футболшылары плей-офф басқышына сеніммен өтті десе болады. Бірінші орынды иеленген Оңтүстік Кореяның жас футболшылары Таиландты 4:1, Сирияны 2:1 есебімен жеңіп, тек Жапониямен тең ойнады. Жапония екінші орында қалды. Олар Таиландты 3:0 есебімен жеңіп, Сирияны жеңе алмады. Таиландпен тең ойнаған Сирия 2 ұпаймен үшінші орынға ие болды. Таиланд футболшыларының сәтсіз ойындары соңғы орында қалуға мәжбүр етті.

Сөйтіп ширек финалда Австралия Қытаймен, Саудия Арабиясы Иракпен, Иран Жапониямен, Оңтүстік Корея Өзбекстанмен кездесетін болды. Бірінші ширек финалда Австралия футболшылары бірінші таймда Ирактан 1:2 есебімен жеңілсе де, екінші таймда жауапсыз екі гол соғып, 3:2 есебімен жеңіске жетті де, әлем біріншілігіне жолдама алды. Олар жартылай финалда Иран — Жапония ойынының жеңімпазымен финалға шығу үшін сайысатын болды.

Ширек финалдың екінші ойыны Саудия Арабиясы мен Қытай футболшылары арасында өтті. Ойын тең өтуіне қарамастан матчтың соңында Араб футболшыларының әуметі жүріп гол соға алды. Олар жартылай финалда Оңтүстік Корея, Өзбекстан матчының жеңімпазымен кездесетін болды.

Иран — Жапония футболшыларының ширек финалдық сайысы өте қызықты өтті. Өйткені Иран футболшылары көп уақыттан бері қақпаларынан доп өткізбеген екен... Тек топтағы Өзбекстанмен болған ойында қақпаларынан 1 доп өткізіп алды. Бұл ширек финалдық матчта Иран құрамасының №10 футболшысы Реза 5-минутта-ақ гол соғып, командасының жеңіске деген үмітін оятты. Түс көргендей болған Жапон жастары көп шабуыл жасады. Нәтижеде 30-минутта алыстан гол соғып, есепті теңестірді. Сол соққан Агура еді. Иранның қақпашысы Арша зор ойын көрсетті. Өткізілген голда оның айыбы жоқ. Оның тамаша ойын көрсетуінің арқасында матч 1:1 есебімен аяқталды. Экстра таймдарда да есеп өзгермеді. 11 метрлік серия голдарын соғуда әумет Жапония жағында болды. Жапония 1/2 финалда.

Төртінші ширек финалдағы Оңтүстік Корея — Өзбекстан матчы өте ширектенген түрде өтті. Өйткені Өзбекстан жастары 2023 жылғы Ташкентте өткен біріншілікте Корея футболшыларынан жартылай финалда әрең дегенде 11 метрлік серияда басым болған. 12 рет Азия чемпио-



ны болған Оңтүстік Корея футболшыларының өздеріне деген сенімі байқалып тұрды. Олардың 17 рет финалға шыққаны да көп нәрсені аңғартса керек. Бұл жолы олар 2023 жылғы “кегің” алуға бар күштерін салды. Өзбекстан футболшыларының өздеріне деген сенімі байқалмады. Дегенмен жастарымыз жаман ойнаған жоқ, жақсы ойнады. Ойынның басталуы тамаша болды. Матчтың бірінші минутында-ақ Хайдаровқа қарсы ереже бұзғандығы үшін Оңтүстік Корея қақпасына 11 метрлік айтып голды соғуда команда капитаны Орынбаев қателікке жол қойды. Бірақ футболшыларымыздың жеңіске деген құлшынысы бекер кетпеді. Оң қапталдың бұрышынан тегілген допты 18-минутта Токсанов басымен соғып есеп ашты. Көп ұзамай, 26-минутта Оңтүстік Корея футболшылары бұрыштан тегілген допты қақпағмызға түсіріп, есепті 1:1 етті. Бірақ екінші таймда 56 және 61-минутта олар қақпамызға екі гол енгі-

зіп, есепті 3:1 етті. Олар матчтың соңғы 5-минутында жеңісті қолдан шығарып алды. 90-минутта Каримовтың ұзатқан добын Орынбаев қақпаға түсірді. Ойынға қосымша 4 минут қосылды. 94-минутта Реймовтың ұзатқан добын Хайдаров қақпаға түсірді, есеп 3:3. 11 метрлік серияда Оңтүстік Корея футболшылары жеңіске жетті. Сөйтіп Өзбекстан футболшылары Чилиде өтетін әлем біріншілігіне қатыса алмайтын болды. Жартылай финалда Австралия Жапония, Саудия Арабиясы Оңтүстік Корея футболшылары күш сынасты.

1 март күні финалдық сайыста Австралия футболшылары 24-минутта есепті ашты. Бірақ арабтар 45+2 минутта гол соға алды. Екінші және экстра таймда есеп өзгермеді. 11 метрлік серияда австралиялықтар 5:4 есебімен жеңіске жетіп бірінші рет Азия кубогына ие болды.

Құлназар ИБРАГИМОВ

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3684

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2310-6343

9 772310 634001

Кезекші редактор: Айгүл ТЕШЕБАЕВА

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurljol2022@umail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науан” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 326.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 21.30 1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurljoluz

https://t.me/nurljol1991

https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738